



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 12/38

25 наурыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!



Ардақты ағайын, құрметті жерлестер!

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Тамыры тереңге бойлаған Наурыз мейрамы еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі.

Тағылымы мол бұл мереке – жаңару мен жаңғырудың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің, келісім мен татулықтың алтын арқауы.

Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақ жарма тілекпен қарсы алады. Ұлыстың ұлы күнінде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-қатынастар мен қонақжайлық салты дәріптеледі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрі ерекше салтанат құратын күн.

Наурыз – ұлтына, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлік пен ортақ мүддеге жұмылдырады.

Бүгінгі жайылған дастархан, жасалған қайырымдылық акциялар, қаламызда бізбен бірге тату-тәтті тұрып жатқан Ресей мемлекеті азаматтарының қаламызды көркейтуіне ат салысып, әрдайым бірлесе атқарып жүрген мәдени спорттық шаралар дәлел болып келеді.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-берекежәнетолайымтабыстілеймін! Өз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Приозерск қаласының әкімі Сатаев С.Қ.

Уважаемые жители города!

Сердечно поздравляю Вас весенним праздником – Наурыз!

Наурыз мейрамы дорог для каждого казахстанца. Он олицетворяет для нас гуманность, дружелюбие и терпимость. Люди самых разных национальностей отмечают его как добрый, светлый и, самое главное, как наш общий праздник.

Именно Наурыз играет огромную роль в сохранении и развитии национальных культур и традиций многочисленных этносов, проживающих на Казахской земле.

Благословенный Наурыз на фоне происходящих событий в мире дает нам возможность осознать, как важно каждому из нас ценить и беречь согласие и гармонию в обществе, мирную и спокойную жизнь в нашем государстве.

Дорогие земляки!

От всей души желаю крепкого здоровья, взаимного уважения, понимания и благополучия каждой казахстанской семье во благо дальнейшего процветания нашей Родины Республики Казахстан!

Пусть весна радует Вас своим теплом, а Наурыз принесет в каждый дом процветание и достаток, подарит веру в успешную реализацию намеченных планов. Желаю каждому дому, каждой семье мира и согласия, здоровья, счастья и благополучия!



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ С.Қ. САТАЕВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев 2023 жылдың 31 наурыз күні сағат 16.00-де тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Кездесу орны «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы.

Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.

Анықтама үшін телефон (8-71039)5-30-06

Электрондық пошта мекенжайы: Prio_akimat@krg.gov.kz

АКИМ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК САТАЕВ С.К. ВСТРЕТИТСЯ С ЖИТЕЛЯМИ И ПРОВЕДЕТ ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ

Аким города Приозерск Сатаев С.К. 31 марта 2023 года в 16.00 ч. встретится с жителями и проведет личный прием.

Месте встречи ЦДЮТ «Достық».

Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа.

Телефон для справок (8-71039)5-30-06

Адрес электронной почты: Prio_akimat@krg.gov.kz

2023 жылғы 19 наурызда өткен Приозерск қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау қорытындылары туралы ХАБАР

1. 2023 жылғы 19 наурызда Приозерск қалалық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті. Сайлаушылардың тізімдеріне 6551 азамат енгізілді. Дауыс беруге 5114 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 16 сайлаушы дауыс берді. Кандидаттардың жалпы саны – 22.

Приозерск қалалық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлаудың мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 1 сайлау округі бойынша					
Әбдімүтәліпов М.Ж.	үшін	сайлаушылардың	257	дауысы	берілді,
Сүлейменов Н.М.	үшін	сайлаушылардың	168	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	15;	
№ 2 сайлау округі бойынша					
Абдукаликов Д.А.	үшін	сайлаушылардың	142	дауысы	берілді,
Исатаев А.Н.	үшін	сайлаушылардың	300	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	53;	
№ 3 сайлау округі бойынша					
Дүйсембаев Д.О.	үшін	сайлаушылардың	275	дауысы	берілді,
Жұмаханов Б.М.	үшін	сайлаушылардың	100	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	46;	
№ 4 сайлау округі бойынша					
Пердебаев Н.Е.	үшін	сайлаушылардың	102	дауысы	берілді,
Сатыбалдин Б.С.	үшін	сайлаушылардың	325	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	36;	
№ 5 сайлау округі бойынша					
Умаров Н.Ш.	үшін	сайлаушылардың	362	дауысы	берілді,
Юсупов Е.С.	үшін	сайлаушылардың	104	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	16;	
№ 6 сайлау округі бойынша					
Акимова М.Ш.	үшін	сайлаушылардың	326	дауысы	берілді,
Әуесбаева С.С.	үшін	сайлаушылардың	79	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	25;	
№ 7 сайлау округі бойынша					
Бейскеева И.В.	үшін	сайлаушылардың	296	дауысы	берілді,
Нарестина С.Ж.	үшін	сайлаушылардың	62	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	35;	
№ 8 сайлау округі бойынша					
Айтбаев Қ.Қ.	үшін	сайлаушылардың	76	дауысы	берілді,
Қарабалаев Т.А.	үшін	сайлаушылардың	326	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	39;	
№ 9 сайлау округі бойынша					
Абдурахманов Е.Н.	үшін	сайлаушылардың	429	дауысы	берілді,
Алтаева Қ.И.	үшін	сайлаушылардың	58	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	14;	
№ 10 сайлау округі бойынша					
Балтышев Е.Т.	үшін	сайлаушылардың	201	дауысы	берілді,
Жарылғапов Б.Т.	үшін	сайлаушылардың	281	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	22;	
№ 11 сайлау округі бойынша					
Ахметов М.Т.	үшін	сайлаушылардың	311	дауысы	берілді,
Пайзуллаев М.А.	үшін	сайлаушылардың	123	дауысы	берілді,
«Бәріне қарсымын»	белгісі	бар сайлау бюллетеньдер саны	-	44;	

2. Приозерск қалалық мәслихаттың бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлауының қорытындысы бойынша:

- №1 сайлау округі бойынша – Әбдімүтәліпов Мұса Жәліұлы, 1979 жылы туған, жеке кәсіпкер, Приозерск қ.;
- №2 сайлау округі бойынша – Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы, 1978 жылы туған, «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ, аппарат басшысы, Приозерск қ.;
- №3 сайлау округі бойынша – Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы, 1961 жылы туған, «AMANAT» партиясы ҚБ Приозерск қалалық филиалының төрағасы, Приозерск қ.;
- №4 сайлау округі бойынша – Сатыбалдин Бахтияр Сәкенұлы, 1989 жылы туған, жеке кәсіпкер, Приозерск қ.;
- №5 сайлау округі бойынша – Умаров Нұрлан Шадыбайұлы, 1979 жылы туған, жеке кәсіпкер, Приозерск қ.;
- №6 сайлау округі бойынша – Акимова Макпал Шәймерденқызы, 1988 жылы туған, «Приозерск қаласы әкімінің тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры, Приозерск қ.;
- №7 сайлау округі бойынша – Бейскеева Ирина Владимировна, 1985 жылы туған, «Приозерск қаласы әкімінің тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы» КММ маманы, Приозерск қ.;
- №8 сайлау округі бойынша – Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы, 1978 жылы туған, «Ер-Тай» ЖШС директоры, Приозерск қ.;
- №9 сайлау округі бойынша – Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы, 1994 жылы туған, жеке кәсіпкер, Приозерск қ.;
- №10 сайлау округі бойынша – Жарылғапов Бек Тәңірбергенұлы, 1981 жылы туған, «Приозерск орталық ауруханасы» КММ директоры, Приозерск қ.;
- №11 сайлау округі бойынша – Ахметов Мансұр Талғатұлы, 1987 жылы туған, «Балхаш ЕСК» ЖШС директоры, Приозерск қ.;

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ об итогах выборов депутатов Приозерского городского маслихата, состоявшихся 19 марта 2023 года

19 марта 2023 года состоялись выборы депутатов Приозерского городского маслихата, избираемых по одномандатным территориальным избирательным округам. В списки избирателей включены 6551 гражданин. В голосовании приняли участие 5114 избирателей, из них по открепительным удостоверениям - 0, вне помещений для голосования - 16. Общее число кандидатов – 22. Установлены следующие итоги выборов депутатов Приозерского городского маслихата по одномандатным территориальным избирательным округам:

по избирательному округу № 1					
за	Абдимуталипова М.Ж.	подано	257	голосов	избирателей,
за	Сүлейменова Н.М.	подано	168	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 15;
по избирательному округу № 2					
за	Абдукаликова Д.А.	подано	142	голосов	избирателей,
за	Исатаева А.Н.	подано	300	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 53;
по избирательному округу № 3					
за	Дюсембаева Д.О.	подано	275	голосов	избирателей,
за	Жумаханова Б.М.	подано	100	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 46;
по избирательному округу № 4					
за	Пердебаева Н.Е.	подано	102	голосов	избирателей,
за	Сатыбалдина Б.С.	подано	325	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 36;
по избирательному округу № 5					
за	Умарова Н.Ш.	подано	362	голосов	избирателей,
за	Юсупова Е.С.	подано	104	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 16;
по избирательному округу № 6					
за	Акимову М.Ш.	подано	326	голосов	избирателей,
за	Ауесбаеву С.С.	подано	79	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 25;
по избирательному округу № 7					
за	Бейскееву И.В.	подано	296	голосов	избирателей,
за	Нарестину Ж.Е.	подано	62	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 35;
по избирательному округу № 8					
за	Айтбаева К.Қ.	подано	76	голосов	избирателей,
за	Қарабалаева Т.А.	подано	326	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 39;
по избирательному округу № 9					
за	Абдурахманова Е.Н.	подано	429	голосов	избирателей,
за	Алтаеву К.И.	подано	58	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 14;
по избирательному округу № 10					
за	Балтышева Е.Т.	подано	201	голосов	избирателей,
за	Джарылғапова Б.Т.	подано	281	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 22;
по избирательному округу № 11					
за	Ахметова М.Т.	подано	311	голосов	избирателей,
за	Пайзуллаева М.А.	подано	123	голосов	избирателей.
число	бюллетеней	с	отметкой	«Против всех»	- 44;

2. По итогам выборов депутатами Приозерского городского маслихата по одномандатным территориальным избирательным округам избраны:

- по избирательному округу № 1 – Абдимуталипов Муса Жалиевич, 1979 года рождения, индивидуальный предприниматель, г.Приозерск.
- по избирательному округу № 2 – Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы, 1978 года рождения, руководитель аппарата ГУ «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области», г.Приозерск;
- по избирательному округу № 3 – Дюсембаев Дулат Орынбасарович, 1961 года рождения, председатель Приозерского городского филиала ОО «Партия «AMANAT», г.Приозерск;
- по избирательному округу № 4 – Сатыбалдин Бахтияр Сәкенұлы, 1989 года рождения, индивидуальный предприниматель, г.Приозерск.
- по избирательному округу № 5 – Умаров Нұрлан Шадыбайұлы, 1979 года рождения, индивидуальный предприниматель, г.Приозерск.
- по избирательному округу № 6 – Акимова Макпал Шәймерденқызы, 1988 года рождения, директор КГП «Центр занятости населения акима г.Приозерск», г.Приозерск.
- по избирательному округу № 7 – Бейскеева Ирина Владимировна, 1985 года рождения, специалист КГП «Центр занятости населения акима г.Приозерск», г.Приозерск.
- по избирательному округу № 8 – Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы, 1978 года рождения, директор ТОО «Ер-Тай», г.Приозерск.
- по избирательному округу № 9 – Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы, 1994 года рождения, индивидуальный предприниматель, г.Приозерск.
- по избирательному округу № 10 – Джарылғапов Бек Тәңірбергенұлы, 1981 года рождения, директор КГП «Приозерская центральная больница», г.Приозерск.
- по избирательному округу № 11 – Ахметов Мансұр Талғатович, 1987 года рождения, директор ТОО «ЛОК Балхаш», г.Приозерск.

Приозерская городская избирательная комиссия



«ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚТАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!»

**ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ
СХЕМАЛАРЫ:**

- «Сіздің туысыңыз жол-көлік оқиғасына кінәлі.., біреуді ұрды немесе есірткімен ұсталды». Алаяқ өзін полиция қызметкері немесе туысыңыз ретінде таныстырып, қылмыстық жауаптылықтан босату үшін ақша талап етеді;
- «Сіздің банк картаңызға алдын ала төлем жасағымыз келеді». Мысалы, Сіз интернетте жылжымайтын мүлік, автокөлік немесе басқа бір тауарды сату туралы хабарлама жарияладыңыз. Сатып алушы Сіздің затыңызды қарамай аламын дегенге сенбеңіз. Банк картаңыздың номерін, СМС-құпиясөздерді ешкімге айтпаңыз. Алдын ала төлемді банкоматқа барып алыңыз деген «сатып алушының» сөзіне ермеңіз;
- «Бұрын алған дәрі-дәрмектер үшін Сізге ақшалай өтемақы береміз», «Сіздің картаңыз бұғаттаулы», «Сіз автокөлік ұттыңыз», «Шотыңызға *** теңге түсті». Бұндай СМС-терге жауап бермеңіз. Оларға банк картаңыздың номерін айтпаңыз, ақша жолдамаңыз;
- «Өз фотоңызды келесі сілтеме арқылы көріңіз...». СМС-хабарламамен немесе электронды поштамен келген күмәнді сілтемелерді ашпаңыз.

ҚАУІПТІ ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕННІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ:

- Төмен баға. Алаяқтардың дүкеніндегі баға басқалармен салыстырғанда анағұрлым арзан. «Науқан», «тауар саны шектеулі», «сатып алуға асығыңыз» деген сөздерге мән бермеңіз;
- Сатушылардың шамадан тыс табандылығы. Интернет-дүкеннің өкілі тапсырысты рәсімдеуге және ақшасын төлеуге асықтырса, бұндай сатып алудан бас тартыңыз;
- Курьерлік жеткізу мен тауарды өзіңіз алып кету мүмкіндігінің жоқтығы. Айлакер тауарды жолдау туралы жалған түбіртектерді ұсынады, транспорттық қызметтің төлемін сұрап, тікелей кездесуден жалтарады;
- Сатушының немесе интернет-дүкеннің бұрынғы сатылымдарының жоқтығы. Бірнеше күн бұрын ғана тіркелген парақшалар да қауіпті;
- Мәміле ашықтығының дәлелі ретінде сатушы өз төлқұжатының фотосын жолдайды. Алаяқтар көбіне жалған немесе басқа адамның құжаттарын жолдайды;
- Алдын ала төлем сұрау. Анонимдік төлем жүйелері, жеке адамның банкілік картасына төлем жасау туралы ұсыныстарға күмәнмен қараңыз. Бұл жағдайларда тауарды алу немесе қайтару мүмкіндігі жоқ.
- БӨТЕН АДАМДАРҒА үйіңіздің есігін ашпаңыз. Алаяқтар өздерін коммуналдық қызмет, полиция, емхана өкілдері ретінде таныстыруы мүмкін. Сол қызметке телефон соғып, келген адамның кім екенін нақтылаңыз.
- СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰТЫС-ОЙЫНЫНА, керемет әсері бар дәрілердің, арзан заттардың сатылымына шақыртуларға келіспеңіз!;
- БАЛАҢЫЗҒА ӨЗ ЗАТТАРЫН (ұялы телефон, планшет және т.б.) далада бөтен адамдарға, өздерін полиция қызметкері деп таныстырса да, бермеуге үйретіңіз.
- БӨТЕН ТҮЛҒАЛАРҒА өзіңіздің электрондық цифрлы қолтаңбаңызды (ЭЦҚ) бермеңіз.
- СІЗДІ АЛДАП ЖАТҚАНЫ туралы ой туындаған жағдайда полицияға 5-31-66 немесе 102 нөмірлеріне қоңырау шалуға ұялмаңыз.

- Жаксы жұмысқа орналастыруға,
- Ақысыз оқуға түсіруге,
- Банктен тиімді несие алып беруге,
- Мемлекеттік тұрғын-үй, төлемдер мен субсидиялар алуға көмек көрсетемін деген адамнан сақтаныңыз! Ол сізге тек зиянын тигізеді! Көбіне мұндай адамдар сенімді көрінеді, іскерлік стильде киініп, сыпайы сөйлеседі! Ақшаңызды оған бермеңіз! Оның алаяқ болуы әбден мүмкін!

Приозерск қаласының прокуратурасы

«ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТЕЛЕФОННОГО МОШЕННИЧЕСТВА!»

СХЕМЫ ТЕЛЕФОННЫХ МОШЕННИЧЕСТВ:

- «Ваш родственник совершил ДТП..., избил кого-то или задержан с наркотиками». Аферист выдает себя за сотрудника полиции или родственника, требует деньги, чтобы уладить проблемы с законом;
- «Хотим внести предоплату на счет Вашей банковской карты». Вы разместили объявление о продаже недвижимости, авто или другого товара в сети Интернет. Не верьте, если покупатель высказывает готовность купить Вашу вещь не глядя. Не называйте номер банковской карты, СМС-пароли и не подходите к банкомату, если «покупатель» просит снять предоплату;
- «Вам положена денежная компенсация за ранее приобретенные лекарства», «Ваша карта заблокирована», «Вы выиграли автомобиль», «Пополнение счета на *** тенге». Не отвечайте на такие СМС. Не называйте мошенникам номер Вашей банковской карты и не перечисляйте им свои деньги;
- «Смотри свое фото по ссылке...». Не открывайте подозрительные ссылки, присланные в СМС-сообщениях или на электронную почту.

ПРИЗНАКИ ОПАСНОГО ИНТЕРНЕТ-МАГАЗИНА:

- Низкая цена. Стоимость товаров в магазине мошенников зачастую существенно ниже, чем в других. Не следует поддаваться на слова «акция», «количество ограничено», «спешите купить» и т.д.;
 - Чрезмерная настойчивость продавцов и менеджеров. Если представитель интернет-магазина начинает торопить с оформлением заказа или его оплатой, стоит отказаться от покупки;
 - Отсутствие курьерской доставки и самовывоза. Злоумышленники предоставляют поддельные квитанции об отправке товара, требуют предоплату за транспортные услуги и избегают прямого контакта;
 - Отсутствие истории у продавца или магазина. Потенциально опасными являются страницы, зарегистрированные пару дней назад;
 - Направление продавцом фотографии «своего» удостоверения личности в виде подтверждения прозрачности сделки. Возможно Вам предоставили поддельные либо чужие копии документов;
 - Требование предоплаты. Мошенники предлагают перевести деньги через анонимные платежные системы либо переводом на карту частного лица. В таком случае нет гарантий возврата товара.
- НЕ ОТКРЫВАЙТЕ** дверь незнакомым людям, даже если они представляются работниками коммунальных служб, полиции, поликлиники и т.д. Перезвоните в эту службу и уточните данные лиц.
- НЕ СОГЛАШАЙТЕСЬ** на приглашения принять участие в розыгрыше призов, купить чудодейственные лекарства, приборы и дешевые вещи.
- Научите своего ребенка **НЕ ОТДАВАТЬ** свои вещи (сотовый телефон, планшет и т.п.) незнакомым людям на улице, даже если они представились сотрудниками полиции.
- НЕ ПЕРЕДАВАЙТЕ** незнакомым лицам свою электронную цифровую подпись (ЭЦП).
- НЕ СТЕСНЯЙТЕСЬ** звонить в полицию по номеру: 5-31-66 или 102, если вы подозреваете, что вас хотят обмануть.

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ тех, кто предлагает «за деньги»:

- трудоустроить на хорошую работу,
 - оказать помощь в поступлении на учебу,
 - получить выгодный кредит в банке,
 - получить гос. жилье, пособие, субсидии.
- Он делает Вам только хуже! Зачастую такие люди внушают доверие, одеты по-деловому и вежливо общаются. Не передавайте ему деньги! Вероятно, перед Вами мошенник!

Прокуратура города Приозерска

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»

(НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН ІСШАРАДАН РЕПОРТАЖ)

2023-жылғы 22-наурыз таңы арайлап атып, қала тұрғындары асыға күткен Наурыз мейрамын тойлайтын күн келіп жетті. Приозерск қаласының орталық алаңда орналасқан бас сахнасы маңында тігілген киіз үйлер, шатырлар, көпшіліктің түстенуіне арналған үстелдер мен орындықтар, тұрғындар мен мекеме қызметкерлері қолымен жасалған ұлттық накыштағы қолөнер бұйымдары, көктемнің самал желімен желбіреген түрлі-түсті жалаулар мереке нышанын білдіріп, көздің жауын алады. Сағат 10.00-ге белгіленген мейрамға қала жұртшылығы одан ертрек келіп, биік етіп орнатылған шанырақтың қасында орналасқан бұйымдарды, киіз үйлерді тамашалауды жөн көргендей. Халықтың көңілі көтеріңкі. Алдыбұрын жарияланған мерекелік шара бағдарламасына сай көптеген спорт түрлерінен өтетін жарыстарды, сахнада шырқалатын концерттік бағдарламаларды көруге асығулы.



Азанға сағат 9.30-да қала әкімі бастаған, мекеме, кәсіпорын, әскери бөлімдер мен жастар ұйымының басшылары қостаған топ және



қала тұрғындары қалалық базар маңындағы ғимараттың екінші қабатында орналасқан, қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың бастамасымен жүзеге асқалы тұрған самбо күресі үйірмесінің салтанатты ашылуына қатысу үшін жиналды. Төменгі қабаттағы қазақша күрес мекебi де осы әкімнің қолдауымен ашылған болатын. Аталған мектеп шәкірттері қысқа мерзім ішінде ауыз толарлық нәтижеге жеткенінен көпшілік хабардар.



Салтанатты ашылуда қала әкімі С.Сатаев құттықтау сөз сөйлеп, жұмысын бастағалы тұрған самбо спорты үйірмесінің жетекшісі мен шәкірттерін бүгінгі Әз-Наурыз мейрамымен құттықтады және оларға жетістіктер мен жеңістер тіледі. Қаладағы спорт ардагерлері Жәли Әбдімүтәліпов пен Ерлік Омаров ашылу салтанатының лентасын қиып, өз тілектерін арнады. Жиылған қауым екінші қабатқа көтеріліп, үйірменің ішкі жұмыстарымен, жас спортшылармен танысты. Қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлы өз тарапынан самбо үйірмесінің жаттықтырушы Айдар Алибайұлы Садуахасовқа құран кітабын және

қала жастары мен спортшыларына үлкен қамқорлығын аянбай жасап жүрген қала әкіміне Меккенің жұпар иісін шашатын құтыны сыйлады.

Мұнда жиналған топ одан әрі қалалық мерекелік алаңға бет алды. Бұл кезде бағдарламадағы бокс, күрес сайыстары басталып жатқан болатын. Мейрамды тамашалау үшін жиылған халық өздерінің көңіліне ұнаған жарыстарды тамашалап, кейбірі ән-күй, биден шашу шашылып жатқан бас сахнаны жағаласа, кейбірі ұлттық бұйымдар алаңында қыдырыстап жүр. Көз тартатын әдемі бұйымдарға қызыққан балалар олардың қасында суретке түсуге таласуда. Қатарласа сап түзеген оюланған киіз үйлер мен шатырлар маңында да кісі қарасы көп. Қала тұрғындарына түскі ас – наурыз көже, палау, қуырдақ дайындап жүрген аспаздар қауымының осындайдағы еңбектері ерен. Қала кәсіпкерлері тарапынан ауқымды дастарқан дайындалып, түскі қонақтарын күтулі. Тұрғындар үшін, олардың көңілін көтеріп, мейрамды жақсы тойлауына барлық жағдайлары жасалып, мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл маңызды шараға қаладағы бүкіл кәсіпорын, мекемелер, ұйымдар, кәсіпкерлер түгел қатысуы – қаламыздағы ұйымшылдықтың, ауызбіршіліктің, қала басшыларының ерен еңбегінің арқасы деуге толық негіз бар!



Қала халқы үлкен алаңдағы керемет тойға, ғажап көрініске, спорттық жарыстарға, мол дастарқанға, ең маңыздысы – Ұлыстың ұлы күніндегі ақ ниетке,

шат көңілге, өздеріне деген құрметке куә болды, ризашылықтары мен алғыстарын жаудырды.



Алаңға жиналған халықты қала әкімі Сапар Сатаев, РФ ҚК Сарышаған сынақ алаңының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командирі Алексей Викторович Казаков және ҚР ҚК Приозерск гарнизонының бастығы Үмбетәлі Серікұлы Бектаев құттықтап, жылы лебіздері мен ыстық ықыластарын білдірді. Мәдениет-сауықтыру орталығының басшысы Марс Әбуұлы Сүлейменов Қыдыр ата кепінде дүйім жұртты Әз-Наурызбен құттықтап, ақ батасын берді. Сахнада шырқалған әсем ән, мың бұралған би, күмбірлеген күй мен терме-жырға қаныққан жұрт түске қарай өздеріне арналып пісірілген наурыз көжеден, палау мен қуырдақтан дәм татысты. Спорттық жарыстардың

барлық түрлерінен жеңіске жеткендерді марапаттау рәсімі кешкі мерекелік бағдарламада жарияланатын болды...

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»

(НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН ІСШАРАДАН РЕПОРТАЖ)

Кешкі алаң жалтылдаған, түрлі-түсті жарықтарымен көз тартса, сахнада шырқалған әндер әуені құлаққа жағымды естіліп, делебені қоздырады. Сән-салтанаты келіскен, жарықтармен безендірілген сахна маңына жиналған жұрттың қарасы қалың болды. «Вдохновение» би тобының орындаған «Кең дала» биімен көрермендерін қарсы алған сахнаға бүгін түске дейінгі мерекелік бағдарламада жасөспірімдер арасында бокс жарысының финалы өткендігі жарияланды. Онда жас боксшылар келесі салмақтарда: 60, 70 келіге дейінгі және 70 келіден жоғары салмақта сайысқан болатын. Жұлделерді табыстау үшін сахнаға қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевты шақырылды. Жиылған көпті тағы бір рет мерекемен құттықтаған әкім жеңімпаздарды құттықтауға кірісті.

паздар ақшалай сертификат, Алғыс хаттары, сыйлықтар мен белдіктер табысталды.



Қазақ күресі бойынша өткен белдесудің жеңімпаздарына да қала әкімінің қаржылай

Әйелдер арасындағы кір тасын көтеруден 1-орын Нұрланқызы Құралайға, 2-орын Қалдыбаева Салтанатқа бұйырды. Осы спорт түрінен ерлер арасында 1-орынды Рахманбаев Айбек жеңіп алды. 2-орын Ильтнер Максимге, 3-орын жүлдесі Аспандияров Ансарға тапсырылды. Пауэрлифтингтен әйелдерден 1-орын Джолдас Жансара, 2-орын Нұрланқызы Құралайға берілді. Пауэрлифтинг ерлер арасынан 1-орынға Оспанов Алма, 2 орынға Ильтнер Максим және 3-орынға Хузияхметов Тимур ие болды.



Қой көтеру сайысында Қалдыбаев Нұрұлтан, қозы көтеруден Серік Бексері жеңімпаз деп танылды. Палуандарды жеңістерімен құттықтаймыз және алда алар асуларыңыз көп болсын!

дар – ЖҚО «Қазақ хандығы» және 03080ә/б «Ұлттық құндылықтар – Ұлт қазынасы» көрінісі. ТЖБ-ның «Қобыз» ағаш және кәсіпкерлер сомдаған «Батыр» туындылары 3-орындар. 4-орында Балқаш АПБ «Бесік» бұйымымен. 5-орын № 2 мектептің «Жауқазын гүл» көрінісіне берілді. Жұлделі 6-орындарды Құрылыс бөлімі «Қобыз» гипспен және Жұмыспен қамту бөлімі «Бүркіт» гипспен өзара бөлісті. Жеңімпаздар қала әкімінің қаржылай сыйлықтарымен марапатталды.

Наурыз келсе жан дүние жаңа-рады, жан-жануар түлеп, ақ молайып, ас көбейеді. Жер бетіндегі тіршілікке жан бітіп, айнала ерекше бір сәнге бөленеді. Олай болса жаңа тіршіліктің белгісі – Наурыз мейрамы баршаңызға құт-береке, молшалық әкелсін. Ұлыстың күні қазан толып, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын!

Қазақ жері – қонақжай төрдің жері, Қазақ елі – қас сақтай ердің елі. Толқынында тарихтың қуғын көрген, Барша ұлтқа құт мекен болған еді. Зобалаңды көп шеккен қасіретті, Ұлт ұрпағы өнерлі, қасиетті. Риза көңілменен елге деген, Арнайды барша халқы ақ тілекті!» - деген ұранмен қаламызға қонақ ретінде және ән-сыйлығымен келген қарағандылық өнерпаздардың өнеріне кезек берілді. Онда «Кәусар» дуэті, Айнұр Зейден, Фархат Мейраш, Жандос Иманбай және қазақ еліне танымал әнші Асан Пердеш қала тұрғындарына



«Ұлттық құндылықтар – Ұлт қазынасы» көлемді пішіндер байқауы да тартысты болды және жеңімпаздар әділетті таңдалды. Атап айтқанда, № 1 мектептен ұсынылған «Түйе мен Толағай» туындылары бас жүлдені жеңіп алды. Одан әрі келесі орындар берілді: 1-орын – 44841 әскери бөлімі «Торсық», 2-орын-

әсем әндерінен шашу шашты және керемет көңіл-күй сыйлады. Өз-Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарлама соңы жастарға арналған би кешімен жалғасты.

Газеттің арнаулы тілшісі
Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



60 келі салмақта 1-орынды Заңгерей Ералы жеңіп алса, жүлделі 2-орынға Ұлмахан Әлихан, 3-орынға Ұлмахан Шерхан және 3-орынға Сансызбай Балғынбек ие болды. 70 келі салмақта 1-орын Төлеу Аслан, 2-орын Алимбетов Ерсұлтан, 3-орындар Мәделі Әліби және Хабдулмұратов Сұлтанби деп танылды. +70 келі салмақ бойынша 1-орын Тауджаров Бекзатқа, 2-орын Қыстаубай Нұрсұлтанға, 3-орын Сағади Бекасылға және 3-орын Серік Бексеріге бұйырды. Жеңім-

сертификаттары, естелік сыйлықтар және чемпиондық белдіктер табыс етілді. Олар: 35 келі салмақта 1-орын Сулайман Ерлан, 2-орын Алибай Айсара, 3-орын Өтеген Нұрасыл. 35 келіден жоғары салмақта 1-орын Жұмабек Исламбек, 2-орын Сейліхан Дархан, 3-орын Қойлыбай Әділет. 82 келіде Дюсеттаев Мағди 1-орынға, Қуанған Бауыржан 2-орынға ие болды және 3-орын жүлдесі Арқатов Алиасқарға тапсырылды.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Каскатаев Айдын Кайратович	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абилай Зейнеллаулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫНЫҢ ТӘРТІБІ

1. Соттан тыс банкроттық

Мемлекеттік кірістер басқармасымен қарастырылады. Өтініш EGOV электрондық үкімет порталы арқылы беріледі.

Қарыздар:

- Екінші деңгейдегі банктер;
- Микроқаржы ұйымдары;
- Коллекторлық агенттіктер алдындағы бойынша.

Шарттары:

- Қарыз 5,5 млн. теңгеден (1600 АЕК) аспайды және 12 айдан артық өтелмейді. Ақпарат <https://id.mkb.kz> сайтында қол жетімді.
- Мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік (Жылжымайтын мүлік, жер және көлік құралдары) жоқ. Ақпарат [E.gov.kz](https://egov.kz) сайтында қол жетімді.
- Банкпен, микроқаржы ұйымымен борышты реттеу туралы құжаттың болуы (коллекторлар бойынша талап етілмейді).

Ерекше шарттары:

- 6 ай бойы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар үшін - борышты өтемеу кезеңінің бөлігінде 1-шарт ескерілмейді.
- Егер қарыз 5 жылдан артық өтелмесе - жоғарыда аталған барлық Шарттар ескерілмейді.

2. Сот банкроттығы

Сотпен қарастырылады: Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Шарттары:

Барлық кредиторлар алдындағы қарыздың барлық түрлері бойынша Нені білу керек:

- Сот банкроттығы барысында борышкердің мүлкі сауда - саттықта сатылады.
- Егер жалғыз тұрғын үй кепіл нысанасы болып табылса, онда кредитор оны сот банкроттығы барысында алып қоюға құқылы.
- Егер жалғыз тұрғын үй кепіл болып табылмаса, ол мүлкілік массаға енгізілмейді.
- Қаржы басқарушысы тағайындалады.
- Қаржы басқарушысының қызметтеріне ақы төлеу борышкердің мүлкі есебінен жүргізіледі (айына 1 ЕТЖ).

Банкроттықты жүргізу мерзімі - 6 айға ұзарту мүмкіндігімен 6 ай Рәсімді қолдану барысындағы шектеулер:

- Мүлкікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау (қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру) бойынша мәмілелер жасауға тыйым салынады.
- Рәсімді жүргізу кезеңінде шетелге шығуға тыйым салу.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру;

Сотпен қарастырылады; Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Шарт:

Қарыздың мөлшері тиесілі мүлкінің құнынан аспайды. Сауықтыру шаралары:

- Мүлкінің бір бөлігін сату, мүлкікті жалға беру.
- Жанасын сатып алу арқылы тұрғын үйді сату, құны төмен тұрғын үйге айыр-бастау және т.б.

Артықшылықтары:

«Банкрот» мәртебесі берілмейді.

Теріс салдарсыз (қаржылық мониторинг жүргізілмейді, несие алуға шектеулер жоқ).

Қарыздар бойынша бөліп төлеу (5 жылға дейін). Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу кезінде қаржы басқарушысының көмегі. Қарыздың бір бөлігін есептен шығару мүмкіндігі.

Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

«АҚЫН ТРАГЕДИЯСЫ» АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ.

Ақан сері Қорамсаұлы – қазақ халқының әйгілі сазгері, әнші-композиторы, ақын.

Ақан сері— Орта жүз арғын ішінде қарауыл. Ұлы әкесі Қарауылда – нар шөккен Жарқынбай. Жарқынбайдың бір ұл, тоғыз қызы болған. Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып тәңіріден немере тілейді. Сол тілектің артынан жалғыз ұлы Қорамсаның қосағы Жаңыл жүкті болып, одан ұл туады. Ұлдың атын Ақжігіт қояды. Біздің Ақанымыз осы. Ақан 1843 жылы Көкшетау қаласынан күнбатыс пен солтүстік өрелігіне қарай 70 шақырым жердегі Қоскөл деген жерде туған. Ақанның әкесі Қорамса бай, саудагер адам болған. Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бүлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында — бұлғақтаған үкі, қолында — домбыра, аузында — ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Шомат қожаның қызы Бәтиманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады. Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты алашқа аты шыққан Құлагер түседі. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен

көңіл қосады. Желдей ұйытқыған серінің жүрегіне мін деуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айнып, қарауыл Тіналы қажының қызы Ұрқия сұлуға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алып қашады. Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзақ отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүниеден қайтады. Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айрылғанда, өмір айданында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариысына шомып, сұлулығы жоқ былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге байлайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі — Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу; таппаса да, шешпесе де сұлу.

Қалалық кітапхананың оқу бөлімінде 14 наурыз күні мектеп оқушыларымен ақын, сазгер Ақан сері Қорамсаұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Парасат жолы» бұрышында «Ақын трагедиясы» атты әдеби кеш болып өтті. Оқушылармен өткізілген іс-шараның мақсаты: қазақ халқының ақыны, әнші-композиторы Ақан сері Қорамсаұлының өмірбаяны мен шығармаларынан мағлұмат беру. Бұл іс-шарада өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін халқының мәдени-рухани өміріне септігін тигізер, шоқтығы биік шығармалары жайлы айтылды, өлеңдерімен танысты. Оқушылар рухани азық алып, кешіміз жоғары деңгейде өтті. Өнері де, өнегесі де ерекше Ақан сері жас ұрпақтың мәңгі жадында.

«Приозерск қалалық кітапханасы» кмм оқу бөлімінің кітапханашысы Ерболжан Ж.Е.

КӨП ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДЕ ТҰРМЫСТЫҚ БАЛЛОНДАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ЗАҢМЕН ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН

Бүгінгі таңда қала тұрғындарымен сұйытылған мұнай газын тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың тұрмыстық баллондарды қолдану қауіпсіздігі өзекті мәселе болып табылады.

Облыс аумағында көп қабатты және көп пәтерлі үйлерде газ ауа қоспасының жарылуы салдарынан азаматтардың мүлкіне және де өмірі мен денсаулығына залал келтіретін оқиғалар болатыны баршамызға мәлім.

Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 28-бабы 7-тармағының 1-тармақшасына сәйкес қабатты екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын сақтауға және пайдалануға тыйым салынады.

Газдың арзан тұруына байланысты тұрғындар жаппай, қабатты екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондарды қолданатыны, сонымен қатар сондай үйлерде орналасқан кафелер де тұрмыстық

баллондарды қолданатыны, ауыстыруға немесе артығымен болсын деп 2 баллоннан ұстап отыратыны да анық.

Қалада орталық газбен қамтамасыз ету жөніндегі қарамастан, Төтенше жағдайлар бөліміне газдың иісі туралы 2020 ж. - 18, 2021 ж. - 20, 2022 ж. - 12, 2023 ж. - 7 хабар түскен, апаттық-құтқару жұмыстары барысында өрттен 2020 ж. - 11, 2021 ж. - 13, 2022г. - 9, 2023 ж. - 8 тұрмыстық баллондар табылып, алып шығарылған.

Аталған фактілердің кез келгені қайғылы аяқталуы мүмкін.

Тұрмыстық баллондарды пайдалану талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 306-бабымен қарастырылған.

Приозерск қаласының прокуратурасы

На сегодняшний день актуальным остается вопрос безопасности использования населением города сжиженного нефтяного газа бытовым и коммунально-бытовым потребителем в бытовых баллонах.

Как всем известно, на территории области происходят происшествия связанные с взрывами газозвоздушной смеси в многоквартирных домах, с наступлением негативных последствий, как для имущества граждан, так и жизни и здоровью пострадавших.

В соответствии с подпунктом 1 пункта 7 статьи 28 Закона Республики Казахстан «О газе и газоснабжении» запрещается хранение и использование сжиженного нефтяного газа в бытовых баллонах в жилых многоквартирных домах этажностью более двух этажей.

В связи с более дешевой стоимостью газа, население повсеместно использует бытовые баллоны в многоквартирных домах этажно-

стью выше двух, также бытовые баллоны используют кафе расположенные в таких домах, при этом все лица на смену или с запасом используют не менее 2-х баллонов.

Несмотря на отсутствие в городе центрального газоснабжения, в ОЧС поступило вызовов за 2020 г. - 18, 2021г. - 20, 2022г. - 12, 2023г. - 7 по факту сообщений о запахе газа, в ходе аварийно-спасательных работ обнаружено и вынесено с пожаров за 2020 г. - 11, 2021г. - 13, 2022г. - 9, 2023г. - 8 бытовых баллонов.

Любой из этих фактов мог окончиться с трагическим исходом.

Ответственность за нарушение использования бытовых баллонов предусмотрена статьей 306 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Прокуратура города Приозерска

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VIII шақырылған депутаттарының I сессиясы 2023 жылдың 30 наурызында сағат 16.00-де Отандық Аitube платформасы бойынша онлайн трансляциялау арқылы қалалық мәслихаттың мәжіліс залында отеді

Приозерск қалалық сайлау комиссиясының төрағасы А.Медетбекова

ОБЪЯВЛЕНИЕ

I сессия депутатов городского маслихата VIII созыва состоится 30 марта 2023 года в 16.00 часов в актовом зале городского маслихата посредством онлайн трансляции на отечественной платформе Аitube.

Председатель Приозерской городской избирательной комиссии А.Медетбекова



«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

БІР АДАМНЫҢ
ШЕШІМІ
ҚАЛҒАНДАРЫН
ҚҰТҚАРА АЛАДЫ

СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ТАП БОЛСАҢ,
ҚОҢЫРАУ
ШАЛ

ANTIKOR

ҚОҢЫРАУ
ШАЛУ ТЕГІН

1424
Call-орталық

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ!

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне

және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасында басқарма қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша оқытулар өткізіледі.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен елдің әлеуметтік хал-ахуалын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады. Сондықтан еліміздің гүлденуін қаласақ бірінші кезекте сыбайлас жемқорлықты түбімен жою қажет.

С.У. Каленов – Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

КҮЙ АТАСЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 205 ЖЫЛ!

ҰЛЫ КҮЙШІНІҢ МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ!



Қазақтың «күй атасы» атанып кеткен ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының шығармалары, оны ерекше дарын иесі ретінде жеке дара көрсетуге мүмкіндік береді. Ол өзінің өмірінде сан қырлы талантымен әйгіленіп, домбыраның қос ішегімен күй әуезін алуан түрлі сарынмен әрлей білді. Осының арқасында Құрманғазы бабамыздың шығармалары халықтың жүрегінен жол тапқандығы белгілі. Сондықтан болар, ұлы күйшінің бізге қалдырған асыл мұрасы ғасырлар бойы жалғасын тауып, ұрпақтан ұрпаққа аманат болып келе жатқандығы анық.

Биыл, Қазақстан халқы күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 205 жыл толуын атап өтеді. Осы орайда, біз де қатардан қалыс қалмай халқымыздың күй өнерін ілгерілету жолында бір кісідей атсалысып келе жатқанымызды жеткізгенді жөн санадық. Өнерпаз жас жеткіншектерді халқымыздың ұлттық музыкалық аспабы домбырамен күй орындауға үйрету сыныбы Қарағанды облысындағы Приозерск қаласының нақ төрінде орналасқан «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында 2007 жылы ашылған болатын. Алдымен, өнерпаздар қатары күй өнерін үйренуге барын салса, кейін мол тәжірибе жинақтаған жас күй орындаушылар дүйім жұрттың алдында өз өнерлерін көрсете бастады. Арада уақыт өте келе талантты күйшілердің

қатары көбейіп, жас өнерпаздардың арасынан домбырашылар ансамблі құрылды. Аталған домбырашылар ансамбліне ұлы күйші Құрманғазының «Балбырауын» күйінің атын беруді ұйғардық.

Күй атасы Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейісова өзінің бойындағы күй орындау шеберлігімен, өзінен кейінгі ұрпаққа құлақ күйін мұра ретінде ұлттық күй өнерінің тамаша бір дәстүрін тарту еткендігі белгілі. Халқымыздың күй өнерін орындауға алғаш рет білек сыбана кіріскен Дина апамызға Құрманғазы бабамыз: «Домбыраны қолыңа алғанда, оны тартпас бұрын ең алдымен құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал. Міне, осындай дайындықтан кейін ғана домбыра тартуға кіріс!» - деп, өсиет қалдырған екен. Ұлы күйшінің осы бір ұлағатты сөзін биік санап, есте сақтаған «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің алдыңғы жылдардағы жеткен жетістіктерінен бөлек, соңғы жылдардағы асқан асуларының өзі ауыз толтырып айтарлықтай...

Мәселен, 2021 жылдың көктемінде Қарағанды облыстық Ш. Қажығалиев атындағы бірінші «Ақ желен» атты өнер байқауында бақтарын сынаған «Балбырауын» домбырашылар ансамблі жүлделі II орынды жеңіп алса, жыл соңында Астана қаласында өткен балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының Халықаралық фестиваль-сайысында тамаша өнер көрсетіп, I дәрежелі Дипломымен марапатталады. Келесі 2022 жылдың ақпан айында Алматы қаласында

өткен II Республикалық «Тау тұлғалы талантқа тағзым!» өнерпаздар байқауында алдарына жан салмаған «Балбырауын» домбырашылар ансамблі Бас жүлдеге қол жеткізеді.

Қазақ халқына белгілі ақын Қадыр Мырза Әли ағамыздың: «... өнер жүрген жерде еліктеу болмай тұрмайтыны анық» - деп айтқанындай, бір-біріне еліктеп, «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің құрамында өнер көрсетіп жүрген А.Қайратұлы, Ә.Нұртаева, Б.Аманбай, А.Абайқызы, А.Болтабай, Н.Үсер, Н.Жахаева, Е.Нұғман, Н.Сәбит, Ә.Сейдулла, Е.Әлілбай, Қ.Кенжебай, А.Махмуд, Д.Нұғман, Г.Бақытжанқызы, Б.Қасқатай, Ж.Сүлейменова, А.Сайлаубек, І.Мамбетахын, С.Ергали, Ж.Мейрихан, Ж.Ибадуллаева және А. Заур есімді талантты жас жеткіншектердің домбырамен күй орындау шеберліктеріне жоғары баға бере аламыз.

Домбырамен күй орындауға үйрену сыныбының жас жеткіншектері күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының күйлерінің ішіндегі «Балбырауын», «Адай» және «Саранжап» күйлерін көпшілік алдында асқан шеберлікпен орындап жүр.

Дәл осыдан бес жыл бұрын, қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның 2018-2019 жылдары атаулы күндер күнтізбесіне енгізілген болатын. Ал, енді осы жылы күй атасы Құрманғазының туғанына 205 толуы барша ел болып атап өтетіндігіне сенімдімін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен өнер жолын зерттеуші академик Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» еңбегіндегі күй атасына берген бағасымен түйіндегенді дұрыс көрдік: «Күй – әуен-сазбен өрілген жыр шежіре. Күйлердің өмірге жақындығы әлеуметтік мұқтаз-зәруліктен туатындығында және олардың өзгеше тарихи сипатын күйшілердің қозғаған тақырыбы мен қойған аттарынан да аңғаруға болады» - дейді. Міне, біз сөз еткелі отырған ғасырлар ғаламаты күй атасы Құрманғазы да осындай ұлы өнерде айрықша қол таңбасы бар, киелі қасиеттердің баршасы бір жүрекке қонған, топырақтан, қаннан дарыған тума талант, дарқан дарын иесі. Арғы бергідегі қалың күйшілер арасында Құрманғазы дара, қайталанбайтын құбылыс. Ол, домбырашыға табиғаттан сирек қонатын шығармашылық қасиеті мен ғажайып сыры көп ерекше дүлдүл орындаушылық шеберлігімен де ерекшеленеді....».

Айман Нұртаева

«Қарағанды облысы білім басқармасының

Приозерск қаласы білім бөлімінің

«Достық» балалар-жасөспірімдер

шығармашылық орталығы»

ЖМҚК домбырашылар сыныбының

жетекшісі

Фотосуреттерді жинақтаған:

Думан Құрманғалиев

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданки Юсуповой Майрамгул Избосаровны, умершей 15 января 2023 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым гр. Юсупова Майрамгул Избосаровна, имела обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №12/38, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.